

Түлкібас ауданы Ақбиік ауылдық округі Ақбиік елді мекенінің шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілдедегі № 215 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 шілдедегі № 21/3-08 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 шілдеде № 6567-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 108-бабының 1,5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Ақбиік ауылының басқару органдарының пікірін ескере отырып, Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Түлкібас аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақбиік ауылдық округінің Ақбиік елді мекені шекарасына Түлкібас ауданының ауыл шаруашылығы мақсатындағы 23,5 гектар жерлерді қосу арқылы, Ақбиік елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 266,08 гектар шекарасында белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М. Жанесен

Х. Байысбаев

Аудандық мәслихаттың төрағасы